Ұстаз мерейі

Ұстаз деген сөз біз үшін қашанда қадірлі, қасиетті саналады. Небір данышпан да, қарапайым еңбек адамы да осы ұстаз алдынан өтеді.

Иә, ұстаздың парызы – елін, жерін сүйетін, білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Елбасымыз: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деп ұстаздарға жауапкершілік міндеттеді.

Ұстаз болу, шәкірт тәрбиелеу – ұлы міндет. Бала тәрбиесіндегі ата – анадан кейінгі жауапты адам – мұғалім. Қоғамға пайдалы жеке тұлғаларды әкелу ұстазға байланысты. Ұлағатты ұстаз – ең алдымен шәкіртіне өмірді, білімді үйретуші. Өйткені, ол – шәкіртіне үйрететін нәрсесін өзі жан – жақты терең біледі және қалай үйретудің тәсілдері мен әдістерін жақсы меңгереді де, шәкіртін білімге қызықтыра, ынталандыра түседі.

Бүгін мен сондай ұлағатты ұстаз, білікті басшы – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Айгүл Капиратқызы Абдулдина жайлы айтпақпын. Айгүл Абдулдина білім мекемесін 2003 жылдан бері басқарып келеді. Бұл кісінің әсерлі үнімен, асықпай мәнерлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық сезімнің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Айгүл Капиратқызы өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам десем, қателеспеймін. Ұстаздың осыншама қадір-қасиет, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені ол кісінің қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі барша оқушыға үлгі. Сондықтан болар, білікті басшы оқушылары мен ұстаздарының білімі, біліктілігіне ғана емес, олардың жүріс-тұрысы мен киім-киісіне де қатаң талап қояды.

Директор – ұжымның ақылшысы, туындаған мәселені дер кезінде шеше алатын, ұжымды біріктіре алатын ұйымдастырушы. Білімі ұшан-теңіз, мәдениеті жағынан қарамағындағылардан биік тұратын, қызметкерлердің іскерлігін айыра білетін, дер кезінде көмек бере алатын, тіпті мектеп оқушыларының қабілетін, мінез-құлқын, олардың ата-анасын, тұрмысын жетік білуге талпынған директор ғана мектепті алға сүйрей алады.

Айгүл Капиратқызының айтуы бойынша, мектеп-интернатта облысымыздың әр ауданынан жиналған 282 оқушы білім алуда екен. Оқушыларды арнайы емтихан арқылы қабылдайды. Терең білім іздеп келген балаларға барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Мектеп кабинеттері, компьютерлік сыныптар, жатақхана, асхана, медпункт, қажетті кітап, оқулықтармен жабдықталған кітапхана, оқу залы, футбол, баскетбол, волейбол алаңдары, арнайы спортзалы жұмыс істейді. Оқушылар сабақтан тыс уақытта тоғызқұмалақ, шахмат ойнап, спорт секцияларына қатысады. Сондай-ақ оқушылар үшін домбыра, би, классикалық, эстрадалық ән, театр және фото үйірмелері жұмыс істейді. Мектеп мұғалімдері оқушыларды облыстық, республикалық, халықаралық білім сайыстарына дайындайды. Жүлделі орындар да аз емес. 2017-2018 оқу жылында әртүрлі облыстық сайыстарда 46 оқушы жүлделі орынға ие болса, республикалық сайыстарда төрт оқушы жеңімпаз атанды. Сонымен қатар, осы оқу жылында мектеп 38 түлек шығарды, ҰБТ бойынша орташа балл – 105, білім грантына 37 оқушы ие болды.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз» деген болатын. Мектепте ұлттық құндылықтарды үйретіп, соны өмірде пайдалана алатын тұлғалардың қалыптасуы арқылы ұлттық кодымыздың қалыптасуына игі ықпал етуге бар күш-

жігерлерін салуда. Бұрын мектеп бітірген түлектерді шақырып, ұрпақ сабақтастығы да жалғасын тауып келеді.

Айгүл Капиратқызы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен және республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының Құрмет грамотасымен марапатталған. Сонымен қатар, Айгүл Капиратқызы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің және «Құрмет» орденінің иегері.

Айгүл Капиратқызы басқарып отырған Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты ұстаздарын тәл мерекелерімен құттықтап, ұстаздық еңбектеріне шығармашылық табыс, талапты шәкірттер, зор денсаулық, отбасыларына амандық тілейміз.

ҰБТ оқушылардың жоғары жетістікке жетуіне үлес қосқан мұғалімдер: Арайлым Абдрахманова, Ардақ Зейнолдина, Салтанат Қанапиянова, Нұргүл Закарьянова, Диана Нұғұманова – математика пәні мұғалімдері; Гүлия Жақыпбаева – тарих пәні мұғалімі; Алмагүл Әлімғазина, Райхан Әнуарбекова – қазақ тілі пәні мұғалімі; Гүлнәз Абрайымова, Айнұр Ақтаева, Сәуле Әменова – химия, биология пәні мұғалімдері; Парасат Зұлқаршын – физика пәні мұғалімі; Толқын Тұрсынбаева – ағылшын пәні мұғалімі; Дидар Дүйсенова – география пәні мұғалімі.

Облыстық, республикалық, халықаралық білім сайыстарына оқушылар дайындап, жетістікке жеткен мұғалімдер: Жанар Қанапиянова, Жанар Оразбаева, Ардақ Қасымбаева, Назигүл Кокошева, Төлеубек Ықышев, Жанар Құрманова, Майгүл Сайлаубаева, Жұлдыз Рамазанова.

Лицей-интернат оқушыларының жан-жақты тәлім-тәрбие алып, саналы азамат болып қалыптасуына үлес қосқан сынып тәрбиешілері: Гүлбаршын Әукенова, Мағира Әмренова, Майрат Бақыбаева, Роза Сенкібаева, Жанар Нұрқасымова, Сәуле Ильдебаева, Әлмира Кездікбаева, Гүлмира Серғазина, Айжан Жанқабаева.

Оқушыларға интернатта қолайлы жағдай жасауға үлес қосып жүрген қамту қызметкерлері: Уәлихан Қамзин, Гүлнара Абсадықова, Гүлмира Рамазанова, Галина Байтықова, Өрік Қабдулдақызы, Айгүл Қожаева, Нұрсәуле Әсемханова.

Педагогикалық ұжым талантты жас мамандармен толығуда.

2017-2018 оқу жылының нәтижелі көрсеткіші бойынша 10 лицей педагогы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотысымен» және республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

11 «а», 11 «б» сыныптары ата–аналарының атынан – Әсия Айтқазинова

Құттықтаймыз!

Семей қаласының тұрғындары Махмет АЛДАЖАРОВ пен Тиыштыбала ОМАРОВАНЫ отау құрғандарына 60 жыл толуымен құттықтаймыз!

Гауһар той деп жиналуда ағайын,
Жеңіпсіндер тағдырдың көп талайын.
Көрген бейнет зейнет болсын ендігі,
Жүрекжарды тілегімді арнайын.

Мерейтойларыңыз құтты болсын! Той тойға ұлассын! Біздерге әрқашан үлгі болып жүре беріңіздер. Дендеріңізге саулық, баянды бақыт тілейміз!

Ізгі тілекпен: балалары, немере–шөберелері

Құттықтаймыз!

Әкеміз ЖАНЫСОВ Ақылбекті 2 қазан күні зейнеткерлік жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз!

Талай күндер төккен термен
өткен күн,
Қуаныштың нәрі көктен
сепкен күн.
Талай жылдар еңбектеніп
біз үшін,
Еңбектен соң, зейнет жасқа
жеткен күн.
Еленді еңбек қуанышты
бәріміз,
63 жас құлпырады сәніңіз.
Жалынды жас кейпін әлі
сақтаңыз,
Қуанышқа ортақ кіші,
кәріміз.

Ізгі тілекпен: жолдасы – Сайран, ұлдары – Дауылет, Сырым, келіні – Жұлдыз, немерелері – Назмина, Азиза

Қазақстандағы 100 жаңа есім

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының екінші кезеңін іске асыруда.

Қазіргі уақытта, 100esim.el.kz порталында жобаға үміткерлердің өтінімдерін беру функциясы енгізілді. Қызмет салалары бойынша ұйымдар тобынан кең өкілшілікті қамтамасыз ету, сонымен қатар азаматтық бастамаларды дәріптеу мақсатында жобаға жаңа үміткерлерді институционалдық тұрғыдан іріктеу қарастырылған. Осылайша, ағымдағы жылы өзін-өзі ұсынғандардан басқа, үкіметтік емес ұйымдардан да өтініштер қабылданады.

Кандидаттарды іріктеу өлшемдері:

- үміткердің кәмелет жасқа толған болуы (18 жас);
- қызмет саласында елдің жағымды имиджін қалыптастыруға септігін тигізетін айрықша жетістіктердің, қатысушы имиджін дамытуға ықпал ететін жеке қасиеттердің болуы;
- үлгі алуға лайық, жастарды патриоттық және туған жерге адалдық рухында тәрбиелеуге, еңбекқорлықты қалыптастыруға ықпал ететін қоғамдық-саяси және еңбек қызметінің болуы;
- заманауи Қазақстанның тұлғасы, оның түрлі салалардағы табыстары мен жетістіктерінің болуы;
- заманауи Қазақстанның дамуына қосқан нақты үлесінің болуы.

КОНКУРС

«Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі (ары қарай Қорық) қазіргі уақытта күзету және табиғат кешендерін қорғау бөлімінде 12 инспектор (қорықшы) маманының орны босауына байланысты бос орындарға қабылдау жүргізуде.

Біліктілік талаптары:

1) біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

«Орман ресурстары және орман өсіру», «Агрономия», «Аңшылықтану және аң өсіру», «Экология», «Биология», «География» бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

2) біліктілігі орта деңгейлі маман:

«Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафтық құрылыс (түрлері бойынша)», «Экология және табиғат қорғау қызметі (түрлері бойынша)» бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Мекенжай: Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Ұрынхай ауылы.Тел/факс: 8 7235 944 345,8 7235 944 346, эл.адрес: markakol_oopt@mail.ru.

«Еуразиялық банк» АҚ-ның сенім білдірген тұлғасы кепілге алынған мүлікке сауда-саттық өткізеді:

голланд тәсілі (бағаны төмендету) бойынша:

№ 1 лот: Lada 21705 055 31, автокөлігі, 2015 жылы шығарылған, тіркеу № 907KBA16, түсі – күміс-көк. Бастапқы бағасы – 1 858 590 теңге.

Сауда–саттық 2018 жылғы 16 қазанда, № 1 лот бойынша сағат 10.00-де мына мекенжайда өткізіледі: ШҚО, Өскемен қ., Славский атындағы жағалау к-сі, 24/3-үй.

Сауда-саттыққа қатысуға өтініш беру және кепілдік жарнаны аудару алдыңғы жұмыс күні сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

Мүліктің бастапқы құнының 5 пайызы мөлшеріндегі жарнаны «Еуразиялық банк» АҚ-ның сенім білдірген тұлғасының мына ағымдағы шотына салу қажет:

№KZ4194800KZT28600309 жеке тұлғалар үшін, «Еуразиялық банк» АҚ-ның Өскемен қаласындағы филиалы, БИК EURIKZKA, КБЕ 14, БИН 041041000966.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткен күннен бастап 5 банктік күн ішінде жоғарыда көрсетілген төлем реквизиттері бойынша төленеді.

Анықтама алу үшін «Еуразиялық банк» АҚ-ның сенім білдірген тұлғасы Кичигин Сергей Александровичке ШҚО, Өскемен қ., Славский атындағы жағалау к-сі, 24/3 үй, 206-бөлме мекенжайына, мына телефонға хабарласуға болады: 8(7232) 20-80-19.

САТЫЛЫМ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Цеснабанк» АҚ Шығыс Қазақстан филиалының сенімді өкілі кепілде тұрған мүлікке аукцион жариялайды.

Лот 1. Автокөлік маркасы: RENAULT DUSTER, шыққан жылы: 2013, идентификациялық номері (VIN): X7LHSRDJN50153709, мемлекеттік белгісі: 053DFA16, түсі: сұр металл, қозғалтқыш көлемі: 2.

Бастапқы баға – 3 478 000,00 (Үш миллион төрт жүз жетпіс сегіз мың) теңге 00 тиын.

Сатылымға қатысу үшін кепіл жарнасының көлемі – 173 900,00 (Жүз жетпіс үш мың тоғыз жүз) теңге 00 тиын.

Жүргізу тәсілі – ағылшын әдісімен.

Аукцион 2018 жылдың 16 қазанында сағат 10.00–де, Өскемен қаласы, Қабанбай батыр көш., 120/1 үй, 401 кабинетте өтеді.

Саудаға қатысудың шарттары:

1. Сатылымға қатысу үшін өтініш беріп, бастапқы бағаның 5 (бес) % кепілді жарнасын Сенімді өкілдің банк шотына аударуы қажет.

2. Сатылымға қатысушылардың өтінішін қабылдау мерзімі сатылым басталуына 24 (жиырма төрт) сағат қалғанда аяқталады.

3. Сатылым жеңімпазы сатылым тоқтаған мерзімнен бастап сатылымнан жеңіп алған мүліктің құнын 5 (бес) банктік жұмыс күні мерзімінде АҚ Цеснабанк Қызылорда филиалының сенімді өкілінің банктік шотына аудару арқылы төлейді, сонымен қатар кепілді жарна сатып алу бағасынан шегеріледі.

Сенімді өкіл: Құрманғали Ерлан Құрманғалиұлы.

Сенімді өкілінің шоты: KZ06998LRB0000100428

Реквизиттері: «Цеснабанк» АҚ ШҚФ Өскемен қ., Қабанбай батыр көш., 120/1 үй, БИН 050141000631 БИК TSESKZKA филиалды мемлекеттік тіркеу туралы анықтама № 283-1917-Ф-л от 22.07.2014 ж.

Өтінім қабылдануы: Өскемен қаласы, Қабанбай батыр көш., 120/1 үй, қарыз мәселесі жөніндегі сектор 401 кабинет, 2018 жылдың 15 қазанға дейін қоса алғанда (сенбі, жексенбі) және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағ. 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады.

Сауда-саттық өткізілуі туралы қосымша ақпаратты «Цеснабанк» АҚ Сенімді өкілінен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін білуге болады. Тел.: 56-07-81, ішкі:1051.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ ТЕЛЕФОНДАРЫ: 22–41–95, 75–18–85.

ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті 2018 жылғы 12 қазанда сағат 10.00–де: ШҚО, Өскемен қаласы, Машиностроителей көшесі, 1/10 мекенжайында Өскемен қаласы «ВК Энергия» ЖШС-і көрсетіп отырған электрлік энергиясын беру және бөлу бойынша қызметтерге тариф пен тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімді қарастыру кезінде жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

«Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (ары қарай Қорық) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің м.а 2014 жылғы 24 қазандағы №20-02/549 бұйрығымен бекітілген, ҚР Әділет министрлігі Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаменті Күршім ауданының әділет басқармасы мемлекеттік мекемесінің 2014 жылы 31 қазанында қайта тіркеу жүргізілген № 119-1917-06-ММ Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереженің (положение) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.